

Анықтама

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде «Бірлік және Ынтымақ» құндылығын дәріптеу мақсатында Қыркүйек-«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айының 23-26 аралығында «Еңбек-өмірдің тұтқасы» мамандық таңдау ой-пікір 9 сыныптарға өз ойларымен бөлісу пікірі жүргізілді.

Мамандық таңдау-болашаққа үңілу емес, өзінің ішкі жан дүниесіне үңілу болып табылатындығын оқушы өз бойына сіңіру керек.

Еңбек-қашанда іс-әрекет арқылы өмірдің тұтқасы екендігін көздейді. Еңбекпен жеткен істің барлығы береклі болады. Өз қалауыңыздағы мамандық-қызығушылықтан, құндылығыңнан, қалыптасар дағдыңнан қорытылып шығады. Сол үшінде мамандықты таңдау еңбектену мен іс-әрекетіңізден басталатыны сөзсіз.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

2024 жылдың 25-ші қыркүйек күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты БҚИТУ университеті ашық есік күніне шақырды. Универдің аға оқытушы тренер Кабибулла Кенжеевич Жанияровтың қолдауымен экскурсиялық-танымдық шараға оқушыларымызбен барып қатыстық. Мақсаты: мамандық түрлерімен таныстыра отырып мектеппен байланыс орнату, түлектердің дұрыс мамандық таңдауына жол көрсету. Бұл универдегі мамандықтар түлектеріміздің тандап отырған мамандығына сәйкес келеді. Оқушыларымыз таңдаған мамандықтары бойынша толықтай ақпарат алды. Универдің мамандықтары мен бірнеше жеңілдіктері туралы таныстырылым жасалды. Оқушылар универдегі мамандықтар туралы сұрақтарын қойып, жауаптарында алды. Биыл бітірген түлектердің ішінен универімізге 58,67 баллмен 214 грантқа түлектер түсті, сондықтан біздің мамандықтар сіздің таңдауыңызға сәйкес келсе аз балл жинап қалған жағдайда грантқа түсуге мүмкіндік бар екендігін айтты-универ түлектері. Соңын универ түлектері коцерттік бағдарламамен аяқтады.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

2024 жылдың 10-шы қазан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты БҚИТУ университетінің өкілдері Койбағарова Лунара Тулеугалиевна және Избасова Гаухар Шынтабаевна универ мамандықтары туралы ақпарат беріп таныстырылым жасады.

Мақсаты: мамандық түрлерімен таныстыра отырып мектеппен байланысты жалғастыру, түлектердің дұрыс мамандық таңдауына жол көрсету.

- Оқушылар таңдаған мамандықтары туралы толық ақпарат алып, универдегі мамандықтар туралы өз саулдарына жауап алды.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

2024 жылдың 10-шы қазан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Орал қаласы департаментінен ҚР ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара академиясы КНБ бойынша Куанспекова Эльвира Кумаровна погран академия мамандықтарымен таныстырылым жасады. **Мақсаты:** оқушыларға мамандықты дұрыс таңдауына жол көрсету, мектеппен байланыс орнату.

● Оқушыларға «Әскери-үрмелі журналистика дирижері», «Әскери журналистика» мамандықтарына тоқталды. ҰБТ тестілеу нәтижесі бойынша кем дегенде 50 балл жинау қажеттігін айтты. Оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарын алды.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

2024 жылдың 11-ші қазан күні №43 жалпы орта білім беретін мектеп базасында білім беру ұйымдарындағы кәсіби бағдар беруші педагогтердің әдістемелік шеберлік деңгейін арттыру мақсатында «Мектептегі кәсіби бағдар беруші педагогтерге арналған әдістемелік нұсқау беру» тақырыбында семинар өтті. Қатысушы кәсіби бағдар беруші педагогтер «Көңілді гитарашы» тренингімен бастады. Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының педагогі Альфия Арманқызы мен Қадір Мырза Әлі атындағы №47 ЖОББМ педагогі Дәнегүл Пазылқызы білім алушыларға кәсіби бағдар беруде баланы ашу және ата-аналарының көзқарастарын анықтау мақсатында жүргізілетін іс-әрекет алгоритмін түсіндіріп, іс-тәжірибелерімізбен бөлісті. №14 ЖОББМ педагогі Гүлайна Ринатқызы заман ағымына сай өзгерген және енгізілуі күтілетін трендтегі мамандықтармен таныстырса, №21 ЖОББМ педагогі Жамал Сәлімқызы мектеп оқушыларына арналған «Мамандықтар жәрмеңкесі» іс-шарасының өткізу тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар білім алушылармен жұмыстануға көмекші әдебиеттер таныстырылып, қолдануға ұсынылды.




Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

2024 жылдың 14-ші қазан күні мектеп-гимназиямыздың 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Алматы қаласы Нархоз Университетінің өкілі универ мамандықтары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: мамандық түрлерімен таныстыра отырып мектеппен байланысты жалғастыру, түлектердің дұрыс мамандық таңдауына жол көрсету.

● Бұндағы Экономикалық және менеджмент мектебі, құқық және мемлекеттік басқару мектебі, гуманитарлық мектеп, цифрлық технологиялар мектебі бойынша тоқталып, бірнеше мүмкіндіктер: төрт жайлы жатақхана, соңғы үлгідегі эко және IT зертханалар, жеке сот залы, 24/7 қол жетімді кітапхана, халықаралық серіктестер және алмасу бағдарламалары, қос диплом мүмкіндігі т.с. сияқты толықтай таныстырылым жасады. Оқушылар Нархоз университеті туралы ақпарат бойынша сұрақтар қойып, жауаптарында алды.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында Қазан – «Тәуелсіздік және отаншылдық» айының 22-ші қазан күні 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Астана қаласы «Кеттік Study Poland» компаниясының өкілі шетелге польшада колледж, университетіне оқып білім алуға шақырды. Бұл компанияда алдымен дайындық курстары бар екендігі соның ішінде польша және ағылшын тілдерін меңгеріп шетелде колледж бен универлерге түсіп оқуға мүмкіндіктерінің бар екендігін түсіндірді.

Мақсаты: мамандық түрлерімен таныстыра отырып мектеппен байланысты жалғастыру, түлектердің дұрыс мамандық таңдауына жол көрсетіп шетелде білім алуға шақыру.

• Кездесу барысында

Бұнда 9-10 сыныптан кейін тегін оқыту. Әскери, ұшқыш және медицинадан басқа барлық мамандықтар бар. Яғни соның ішінде логистика, IT, халықаралық қатынастар, менеджмент, бизнес сияқты мамандықтарға толық тоқталды. Колледжге емтихансыз грантқа түсе алатындығы туралы ақпараттар берді. Оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарын алды.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында Қазан – «Тәуелсіздік және отаншылдық» айының 28-ші қазан күні 10-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты 10 ЖОББМ-де ZERDELI ақыл-ой дамыту мектебінің ұйымдастырумен MEET UP «Мамандық таңдау-маңызды қадам» тақырыбында SDU, МАНАМБЕТ YNIVERSITETI, KBTU өкілдерімен кездесу өтті. **Мақсаты:** Оқушылардың мамандық таңдауына қызығушылықтарын арттыру, бағыт беру.

• Кездесу барысында

10-11 сыныптарға арналған MEET UP жобасы дубайға 2 жолдама ойнатылды. Сұрақ қойып белсенді қатысып отырған оқушыларға сыйлықтар ұсынылды. Универ өкілдерімен байланыс жасай отырып оқушылар қойған сұрақтарына жауап алды.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында Қараша-«Әділдік және жауапкершілік» айының 11-ші қараша күні 10-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Алматы қаласынан Қазақ Бас Сәулет Құрылыс Академиясының өкілі Дәулетбек Дәурен Маратұлы академия мамандықтарына таныстырылым жасады.

Мақсаты: мамандық түрлерімен таныстыра отырып мектеппен байланыс орнату, түлектердің дұрыс мамандық таңдауына жол көрсету.

• Кездесу барысында

11 сынып оқушыларына KAZGASA бакалавратының оқу бағдарламалары Архитектура, Сән, Дизайн, Байланыстар және коммуникациялық технологиялар, материалды өндіру, Қала жасау, құрылыс жұмысы және құрылыс техникасы, Кадастр және жер құрастыру бөлім мамандықтарына тереңірек тоқталды.

Мүмкіндіктері: барлық стандарттарға сәйкес, кепілдендірілген жұмысқа орналасу, ыңғайлы студенттер үйі (жатақхана), мемлекеттік гранттарының көптігі.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында Қараша-«Әділдік және жауапкершілік» айының 15-ші қараша күні 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Орал қаласы Жоғары инженерлік-технологиялық колледжінің өкілі Каныбек Нурлыбаевич колледж мамандықтары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: мамандық түрлерімен таныстыра отырып мектеппен байланысты жалғастыру, оқушылардың дұрыс мамандық таңдауына жол көрсету.

● Бұндағы Құқықтану, есеп және аудит, электрмен қамтамасыз ету салалары бойынша, автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, стандарттау, метрология және сертификаттау, мұнай және газ-кен орындарын пайдалану, ветеринария, ет және ет өнімдерін өңдеу, машина жасау технологиясы сияқты мамандықтарға тоқталды. Оқушылар сұрақ қойып жауаптарында алды.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында Қараша-«Әділдік және жауапкершілік» айының 15-ші қараша күні 9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруге байланысты Орал қаласы Республикалық жоғары техникалық колледж өкілі Баймағанбетова Гульжанат Сериковна колледж мамандықтары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: Оқушылардың мамандық таңдауына қызығушылықтарын арттыру, бағыт беру.

• Кездесу барысында

Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету және пайдалану, радиотехника, электроника және телекоммуникациялар, ғимататтар мен құрылыстарды салу және пайдалану, жергілікті магистральдық және жергілік құбырларды монтаждау, мұнай мен газ қайта өңдеу технологиясы, менеджмент, есеп және аудит, құқықтану мамандықтарына шолу жасады. Оқушылар сұрақтарына жауап алды.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

АНЫҚТАМА

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында Қараша-«Әділдік және жауапкершілік» айының 18-ші қараша күні 1-2 сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беруге байланысты «Мен өскенде кім болам» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың мамандық таңдауына қызығушылықтарын арттыру, бағыт беру. Баланың арман-қиялына жол көрсету.

- **Көрме барысында**

Әр оқушының мамандық иесі болуға деген қызығушылығын салған суреттерінен көруге болады. Бірі мұғалім, бірі дәрігер, бірі өрт сөндіруші, бірі құрылысшы, бірі дизайнер, бірі суретші, бірі футболшы болуды армандаған. Тіс дәрігері, балалар дәрігері, кондитер өнімдерін шығарушы, бірі дүкенші, биші, бірі архитектор, стюардесса болуды көрсеткен. Бала қиялы болашаққа сәл болсада із қалдырып, сол іздің жалғасуына отбасы және мектеп болып демеушілік орнатсақ болашақ ұрпақтың мамандық таңдауына жол көрсетеріміз анық. Салған суреттеріне көз тойяр емес баланың қызығушылығы суреттерінен көрініп тұр.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында Қараша-«Әділдік және жауапкершілік» айының 22 қараша күні 9 сынып оқушылары Құрманғазы атындағы саз колледжіне экскурсияға барды. Алдымен колледж басшысы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сертеков Нұржан Орынғалиұлы қарсы алып сөз сөйледі. Оқушылардың колледжге басқан қадамдарына ризашылықтарын білдірді.

Мақсаты: Оқушылардың мамандық таңдауына қызығушылықтарын арттыру, бағыт беру, жол көрсету.

• **Кездесу барысында**

Экскурсия жетекшісі ретінде колледжді түгел таныстыру мақсатында «Әлеуметтік - мәдени қызмет және халық көркем шығармашылығы», «Кітапхана ісі» мамандықтарының Пәндік циклдық комиссиясының төрайымы Тоқтарова Гүлдаурен Аманжолқызы жұмыстанып 9 сынып оқушыларымыз түрлі мамандықтар бойынша танысып өнер бөлімдеріне тоқталды. Соның ішінде аспапта ойнау «домбыра оркестрін» тамашалай отырып 9 сынып оқушыларымыз Дария мен Ерасыл домбырада шерту өнерімен орталарына қосылып бірге «Көңіл толқыны», «Ерке сылқым» күйлерін орындады. Келесі режиссёрлық актёрлық, би, дизайн бөлім мамандықтарына шолу жасалды. Колледжбен мектеп байланыса әдемі үйлесім таба отырып, мықты маман иесіне кәсіби шыңдалуға жол ашатыны көрінді.

Оқушыларымыз сұрақтарын қойып жауаптарын алды.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында Желтоқсан-«Бірлік және ынтымақ» айының 4-ші желтоқсан күні 9 сынып оқушылары Жаханша Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжіне экскурсияға барды. Бізді колледж өкілі Нургуль Бедалиевна мен Жанат Жумагереевна қарсы алды.

Мақсаты: мамандық түрлерімен таныстыра отырып мектеппен байланысты жалғастыру, оқушылардың дұрыс мамандық таңдауына жол көрсету.

• Кездесу барысында

Колледждің ішкі тынысымен таныса отырып кітапханада тарихына, оқу біліміне шолу жасалды. Оқушыларымызды акт залға жинап колледждегі мамандықтарға түсіндірме видео ақпарат көрсетілді. 2025 жылға бөлінген гранттар: Бастауыш сынып мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, шет тілі мұғалімі, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, дене тәрбиесі мұғалімі туралы айтылды. Оқушылар сұрақтарын қойып жауаптарын алды.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы

Анықтама

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылында Желтоқсан-«Бірлік және ынтымақ» айының 4-ші желтоқсан күні 11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар алуға байланысты БҚО Полиция департаменті бөлімінде кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: мамандық түрлерімен таныстыра отырып мектеппен байланысты орнату, түлектердің дұрыс мамандық таңдауына жол көрсету.

• Кездесу барысында

БҚО ПД кадр саясаты басқармасының инспектор полиция капитаны Жанар Мадиевна қарсы алып, түлектерімізді бөлімнің акт залына жинады. Кездесуге ҚР Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бастығының орынбасары Жолдаскалиев Сейлхан Мусиевич пен БҚО ПД Тәрбие және кадр жұмысы басқармасының бастығының міндетін атқарушы Джубандыков Аян Талапович сөз бастады. Оқушыларға болашаққа деген көзқарастарың мамандықты қаншалықты дұрыс таңдау керек екенін айтты. Қазіргі таңда мектепте екі міндет: бірінші тәртіп, екінші білім алу. Осы екі міндетті атқарудасыздар. Ал болашақ мамандық әр оқушы өз жүрек қалауымен барып оқуы қажет. Біздің мамандығымызға сәйкес Қарағанды академиясы және Алматы қаласы погран академиясының мамандықтарына тоқталды. Бұл жерде сіздер болашақта тәртіп пен мемлекетке яғни халыққа адал қызмет атқарасыздар. Оқушылар сұрақтар қойып, жауаптарында алды.



Кәсіби бағдар беруші педагог: Мусина Альфия Арманқызы